

ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ-ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ.

Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілік колледжі

Өндірістік оқыту шебері

Рахимбаев Рауан Ерикович

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасында көрсетілгендей, елімізде индустриалдық – инновациялық даму талаптарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін сапалы түрде дамытуға басым көңіл бөлінуде. Еліміздің экономикасы тұрақты өсуіне байланысты техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі міндеті – студенттерге сапалы білім мен саналы тәрбие беріп, бәсекеге қабілетті, күзиреттілігі қалыптасқан білікті маман даярлаудың бірден-бір жолы – елімізде дуалды оқыту жүйесін енгізу.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласын жаңғырту мақсатында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев елімізде дуалдық оқыту жүйесін енгізуді тапсырды. Еліміздегі компаниялар мен кәсіпорындарға шұғыл түрде дуалдық оқыту жүйесіне араласуға тапсырма берді.

Қазіргі таңда әлемнің 60 елінде дуалдық оқыту жүйесімен жұмыс істеліп жатыр, оның ішінде индустриясы дамыған елдер Германия, Англия, Швейцария, АҚШ, Оңтүстік Корея және т.б. елдерде жұмысшы кадрларын даярлауда жақсы жағынан көрсеткен. Жастарға кәсіптік-техникалық білім беру, нарық қатынасын орнықтыру, шағын және орта бизнесті дамыту, заман талабына сай бәсекелестікке төтеп бере алатын, жан-жақты іскер жұмысшы мамандарын даярлау – бүгінгі күннің басты талабы. Осы талапты орындауда техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына үлкен міндеттер жүктелді.

Қазіргі кезде оқытудың тиімді жобасы дуалды жүйесі кәсіптік техникалық колледждерде жұмысшы кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдары. Дуалды оқыту кәсіптік техникалық оқу орны мен өндірісте бірге оқыту. Бұның ерекшелігі – еңбек нарығына қажетті жас мамандарды даярлауға кәсіптік техникалық колледждерде ғана емес, сонымен қатар жұмыс беруші, өндірістік мекемелердің де жауапкершілігі артады. Қазіргі кезде еңбек нарығында білікті мамандарға қол күші жетпей жатады. Қалыптасқан жағдайда білім беруді ұйымдастыру, яғни жас мамандарды өндіріске толық кәсіпті игеруіне жағдай жасау. Дуалды білім беру жүйесі оқу үрдісінде кәсіптік техникалық колледждер базасында қалыптасып, жұмысшы мамандарды өндіріске бейімдеу қажет. Дуалды білім беру жүйесі оқу үрдісінде кәсіптік техникалық колледждер базасында қалыптасып, жұмысшы мамандарды өндіріске дайындау қажет. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында дуалды оқыту технологиясының элементтерін енгізу бағытындағы жұмыстар жүргізіліп, насихатталуда. Дуалды оқыту экспериментін енгізу алдында біздің Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілік колледжі мен ЖШС «ҚК Базис» әлеуметтік серіктестік арасындағы келісімшартқа қол қойып, дуалдық оқыту жүйесін жүзеге асыру бағытындағы жоспар жасалып, құжаттар дайындалып, 2013-2014 оқу жылына экспериментке ұсынылған 1114000 Дәнекерлеу ісі- электр газымен дәнекерлеуші мамандығы бойынша студенттер қабылданып, мекемемен төрт жақты келісімшарт жасалды. Ол оқу орны, кәсіпорын, білім басқармасы, кәсіпкерлер палатасы. Дуалды оқыту эксперименті сәтті өткендіктен.

2015-2016 оқу жылына жұмыс беруші тарапынан түскен сұраныс бойынша өндіріске қажетті 1114000 Дәнекерлеу ісі- электр газымен дәнекерлеуші мамандығына қосымша 1401000 Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану-өңдеу құрылыс жұмыстарының шебері, 1401000 Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану-құрғақ әдіс құрылысы мамандығына дуалдық оқыту жүйесі бойынша студенттер қабылданып үш жақты келісімшарт жасалды. Оқу орны, кәсіпорын, студент.



Колледжде білім алып жатқан мамандарды кәсіби бағыттағы стандарттарға сай негіздене отырып даярлау және экономикалық қажеттіліктермен өзара байланыстыру қатаң түрде сақталып келеді. Бұл тұрғыдан әлеуметтік әріптестермен келісім – шарт негізінде жүйелі байланыстар орнатылған. «ҚК Базис» ЖШС-мен тікелей жұмыс жасай отырып, студенттерімізді өндірістік оқыту сабағының алғашқы күні өндірістегі жанашыл еңбектің озық әдісін көрсету мақсатында құрылыс алаңына экскурсия саяхатын ұйымдастыра отырып, әрбір түлек өздерінің таңдаған мамандықтары құрылыс саласына жақын болғандықтан осы мекемеден өздері іс-тәжірибеден өтетіндеріне ризашылдықтарын білдірді. Оқу орнын бітіріп шыққан соң, өздерінің өндірістік іс тәжірибесін «ҚК Базис» те, өткендіктен осы мекемелерде жұмысқа қалуына кепілдік беретін бірден-бірі. Аз уақыттың ішінде бұл ЖШС «ҚК Базис» мекемесімен тікелей Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілік колледжі бірлесіп жұмыс жасалуда.

Дуалдық жүйемен оқытудың түрлері мен әдістері мен тәжірибенің оқу жоспарындағы сағаттары көп болғандықтан, дуалдық жүйенің механизмінде маманның жеке тұлғасына әсер ете отырып, болашақ маманның жаңа психологиясын қалыптастыру жатқандығы байқалады. Жұмыс берушімен тығыз байланыста болғандықтан маман даярлаушы оқу орны болашақ мамандарға қойылатын талаптарды үнемі ескеріп отырады. Жұмыс берушілер іс – тәжірибеден өтіп жүрген мамандардың бейіміне қарап, өздеріне қажетті, заман талабына сай, кәсіпорынның ілгері басуына аянбай атсалысатын нағыз мамандардың шығатынына сенімді болады. Дуалды оқыту жүйесінің басты мақсаты — бәсекеге түсе алатын мамандығы бар, кәсібін нақты таңдаған, жұмысқа орналаса алатын және өзінің кәсіби білімін жоғарылатуға ұмтылған жас тұлғаны өсіру болып табылады. Дуалды оқыту жүйесінің басты мақсаты — бәсекеге түсе алатын мамандығы бар, кәсібін нақты таңдаған, жұмысқа орналаса алатын және өзінің кәсіби білімін жоғарылатуға ұмтылған жас тұлғаны өсіру болып табылады.

Әлемдік тәжірибеге қарағанда, білім берудің дуалды жүйесі мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді. Еңбек өнімділігі артады, әлеуметтік шиеленіске жол берілмейді.

Оқу үрдісіне дуалды білім беру жүйесін сәтті енгізу келесі мәселелерді шешуге мүмкіншілік береді:

- а) Студенттердің кәсіби өзін өзі ізденуіне;
- ә) Оқу мекемесінің беделінің артуы, студенттер контингентінің жоғарылауы;
- б) Студенттердің қызығушылығы мен сұранысына қарай бағдарламалар, икемді курстар бағдарламаларын әзірлеу;
- в) Дуалды жүйе бойынша оқытылатын тұлғаның қажетті біліктілік пен еңбек дағдыларына, кәсіби білімге ие болып еңбек нарығында сұраныс деңгейінің жоғарылауы;
- г) Бітірушілерді одан әрі жұмысқа орналастыру, жұмыссыздықтың қысқаруы;
- д) Білім беру мекемелерінің жобаларды жүзеге асыра отырып, кәсіпорындармен өзара келісімдер аясын кеңейту;

Бұл мақсатқа жетудің негізгі сапалы білім беріп, дұрыс жолға бағыттаушы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайларды жасаушы – өз пәнін жетік білетін, кәсіби дағдылары, педагогикалық дарыны бар, жанашылдыққа ұмтылатын, өзіне сын көзбен қарай алатын оқытушылар мен оқу өндірістік шеберлері болып табылады.

Қорыта келгенде, дуалды оқыту жүйесі колледж студенттері үшін таптырмас мүмкіндіктердің бірі. Дуалды оқыту жүйесін меңгеру кезінде студенттің өзіндік дүниетанымы қалыптасады, студенттің сабаққа деген ынтасы және жауапкершілігі артады, студенттің өз білімін өзі бағалай білуіне мүмкіндік туады, өз қабілетіне, болашағына сенуіне, танымдық әрекеттері қалыптасып, одан әрі шығармашылықпен айналысуына, пәнге қызығушылығының артуына мүмкіндік береді.

Сондықтанда саналы ұрпақ, сапалы маман дайындауда дуалды оқыту жүйесінің болашағы зор деп ойлаймын.